

СӨЗІММЕН ХАЛҚЫМ АМАЛ ҚЫЛСЫН ДЕСЕҢ, АМАЛ ҚЫЛ ӨЗ СӨЗІҢМЕН ӘУЕЛ ӨЗІҢ!

Мәшһүр Жүсіп

Баянтау

ГАЗЕТІ



Газет 1931 жылғы
4 қыркүйектен шыға бастады

№12 (11528) 2 сәуір, 2026 жыл

БАЙҚАУ

Дания – «Ақбеттау аруы»

Таяуда «Ақбеттау аруы» байқауы өтті. Додаға 15-20 жас аралығындағы арулар қатысты. Қатысушылар алдымен бейнеролик арқылы өздерін таныстырып, кейін ұлттық салт-дәстүр бойынша қойылған күрделі сұрақтарға жауап берді. Өнер кезеңінде би, ән, мәнерлеп оқу шеберліктері ортаға салынды. Ал заманауи сән үлгісі кезеңі қазақы болмыс пен бүгінгі талғамның үйлесімділігін көрсетті.

Байқау қорытындысы бойынша Жалғызқайың ауылының намысын қорғаған Дания Кәкеш өзінің ерекше талантымен және инабатты мінезімен дараланып, Бас жүлдеге ие болды. «Ақбеттау аруы» атанды. I орын Аймауытов ауылының аруы Нұржақып Қабдуалиге бұйырды. Ал II орынды Ұзынбұлақ ауылының аруы Айару Қанафия мен Жаңатілек ауылының аруы Еркежан Кәукеш бөлісті. III орын Майқайың кентінің аруы Әнел Жұмабаева және Құндыкөл ауылының аруы Жадыра Шаханға табысталды.

Сонымен қатар аруларымыз «Керікті ару», «Әдепті ару», «Жібек мінез ару» және «Көрермен көзайымы» номинацияларымен марапатталып, көрермен ілтипатына бөленді. Іс-шара соңында қатысушыларға, жеңімпаздарға арнайы дипломдар мен ақшалай сертификаттар табыс етілді.

М.ҚАЙРАТ



СЕМИНАР

САПАЛЫ БІЛІМ. САНАЛЫ ТӘРБИЕ. ЖАУАПТЫ АЗАМАТ.

2026 жылғы 30 наурыз күні академик Қаныш Сәтбаев атындағы мектеп базасында мектеп басшыларына арналған аудандық семинар-практикум өткізілді. Аталған семинарға Баянауыл ауданы білім беру бөлімінің әдіскерлері мен мектеп басшылары қатысты.

Мақсаты – мектеп басқару жүйесіндегі тиімді тәжірибелерді насихаттау, сапалы білім мен саналы тәрбиені қалыптастыру жолдарын көрсету, жауапты тұлға тәрбиелеу бағытындағы жұмыстарды жетілдіру. Семинар барысында қонақтарға мұражай меңгерушісі Ақбет Әбдікәкіқызының шәкірттері, жас экскурсия жетекшілері – Айару Болат мен Ақниет Жансұлтан академик Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың өмір жолы, ғылыми қызметі, ел дамуына қосқан зор үлесі жайлы мәлімет берді. Сонымен бірге, мұражай қорындағы ғалымның өмірі мен еңбегіне қатысты түрлі құжаттар, фотосуреттер, кітаптар, танымдық материалдар және құнды жәдігерлер таныстырылды.

Семинардың теориялық бөлімінде білім беру саласындағы өзекті тақырыптар кеңінен қамтылды. Басшының оқу ісі жөніндегі орынбасары К.Аутаева «Қорытынды аттестаттау» тақырыбында баяндама жасады. С.Марина қорытынды аттестаттауға байланысты түсіндірме жұмыстарын жүргізді. Мектеп психологы Ш.Садықова «Эмоциялық тұрақтылық – сапалы білім кепілі» тақырыбында қызықты әрі жүйелі ұйымдастырылған психологиялық тренинг өткізді.

(Жалғасы 2-бетте)

СЕМИНАР

САПАЛЫ БІЛІМ. САНАЛЫ ТӘРБИЕ. ЖАУАПТЫ АЗАМАТ.

(Соңы. Басы 1-бетте)

Семинар барысында Ш.Шөкин атындағы мектеп басшысы Ш.Мұрсалова «Мектеп басшыларының аттестациясы, әлеуметтік серіктестік» тақырыбын қамтыды. Басшының орынбасары А.Жаскенова білім беру жетістіктерін бағалау мен бірлескен жұмыстың нәтижелері жөнінде баяндама жасады. Басшының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Ж.Коланова мектептегі өзін-өзі басқару тәжірибесімен бөлісті.

Үзіліс уақытында мектеп басшысы Ғалия Жұмабекқызы келген қонақтарға мектеп жұмысының жалпы бағыттарын таныстырды. Семинардың практикалық бөлімінде де мазмұнды жұмыстар жүргізілді. Білім бөлімінің әдіскері Г.Хабибуллина мен мектеп басшысының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Г.Ахаева құқық бұзушылықтың алдын алу және мектепшілік бақылау мәселелерін талқылады. Әлеуметтік педагог А.Зайырова мектепшілік есепке алу құжаттамасының жүргізілуі барысы туралы көрсетті. Сонымен қатар мектебімізде «Ой-өріс» клубының

жетекшісі, ҚР еңбегі сіңген мұғалімі, зерттеуші педагог Сәбит Ибадуллин PISA, ББЖМ тапсырмалары негізінде интеллектуалдық ойын ұйымдастырды. Ойын барысы жоғары деңгейде ұйымдастырылып, білім беру ұйымдарының көшбасшылары белсенділікпен қатыса білді. Қорытынды кезеңінде Ж.Манзулова, Ж.Сексенбаева, Д.Үкібайдың ұйымдастыру мен концерттік бағдарлама ұсынылды. Әдістемелік кабинетінің әдіскері Г.Нұртаева семинар барысы туралы талдау жасап, шеберлік сағатын көрсеткен мұғалімдерге сертификат табыстады. Іс-шара соңында мектеп басшысы Ғалия Нағымжанова қатысушыларға алғыс білдіріп, қазақ қаламгері, журналист, публицист Санжар Керімбайдың «Бала Қаныш» кітабын келген қонақтарға сыйға



тарту етті. Осындай мазмұнды семинарлар білім беру саласындағы тәжірибе алмасуды жандандырып, мектеп басқару жүйесін жетілдіруге, сапалы білім мен саналы тәрбие

беруге, сондай-ақ жауапты азамат қалыптастыруға өз үлесін қосады.

Г.Ахаева,
Мұса Шорман ауылы

ӨНЕР

АЛМАТЫДАН ЖЕҢІСПЕН ОРАЛДЫ



«Айналайын» үлгілі би ұжымы аталмыш байқауда қос бірдей I орын, «Ең үздік дебют», «Ең үздік қойылым» номинациясының, сондай-ақ «Арнайы номинация» иегерлері атанды. «Жұлдыздар» ансамблі Бас жүлдеге, I орынға, «Арнайы номинацияға» ие болды. «Фортепиано» бөлімінің оқушысы Жансая Сатыбалдина I орынды иеленді. Республикалық байқауда оқушылардың жеңіске жетуіне жетекшілік жасаған педагогтер – Анастасия Сухова, Исламбек Кәрімов, Гүлназ Тәттібекова.

Таланттылар додасында жеңіске жетіп, кенттің атын асқақтатқан өнерпаздарға «Майқайыңалтын» АҚ қаржылай демеушілік көрсетті. Кәсіпорын басшылығына жас таланттарға қолдау білдіргені үшін шынайы алғысымызды білдіреміз.

Ғалия Хабдраш,
Майқайың балалар өнер мектебі
басшысының орынбасары



Майқайың балалар өнер мектебінің өнерпаздары Алматыда өткен байқауда топ жарды. «Danceberry» республикалық байқауы 20-21 наурыз күндері алып шаһарда өтті. Байқауға республика көлемінде өнерлі жасстар мен музыкалық ұжымдар жиналды. Қатысушылар аспапта ойнау, көркемсөз, хореография, дәстүрлі ән, вокал номинацияларында өнер көрсетті. Аталмыш шараның мақсаты – өнер арқылы рухани, зияткерлік және мәдени әлеуетін ашуға бірегей мүмкіндік беру.

СЫНЫП САҒАТЫ

КІТАП
КҮНІНЕ
АРНАЛДЫ

Шәкен Айманов атындағы жалпы орта білім беру мектеп-интернатында 6 «А» сынып оқушыларымен 2 сәуір – Халықаралық кітап күніне орай тағылымы мол сынып сағаты ұйымдастырылды. Іс-шараның мақсаты – оқушылардың кітап оқуға деген қызығушылығын арттыру, олардың ой-өрісін кеңейтіп, рухани құндылықтарға баулу. Сынып сағаты барысында оқушылар кітаптың адам өміріндегі рөлі туралы пікір алмасып, өздерінің сүйікті кітаптарын таныстырды. Сонымен қатар танымдық ойындар мен қызықты тапсырмалар арқылы оқушылардың белсенділігі артып, білімдерін шыңдауға мүмкіндік алды.

Шара барысында кітаптың адамды тәрбиелеудегі, білім мен мәдениетті қалыптастырудағы маңызы ерекше екені атап өтілді. Оқушылар кітап оқудың пайдасы туралы ой түйіп, болашақта да кітаппен дос болуға ниет білдірді. Іс-шараны кітапханашы А.Жунусова мен сынып жетекшісі А.Бекенова ұйымдастырды.

А.Бекенова,
Баянауыл ауылы

ПАВЛОДАР ОБЛЫСЫ, БАЯНАУЫЛ АУДАНЫ, КҮРКЕЛІ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ ӘКІМІНЕ ӨЗІН-ӨЗІ ҰСЫНҒАН КАНДИДАТ АСЫЛХАН АМАНТАЕВИЧ МУКУШЕВ

ӨМІРБАЯН

Мен Мукушев Асылхан Амантаевич, 1977 жылы 13 мамырда Павлодар облысы, Баянауыл ауданында дүниеге келдім. Қазақстан Республикасының азаматымын. Білімім – жоғары. 2005 жылы Павлодар қаласындағы Алматы экономика және статистика институтының Павлодар филиалын «Экономист» мамандығы бойынша тәмамдадым. Үйленгенмін, 5 балам бар.

Жалпы еңбек өтілім – 25 жыл. Оның ішінде 8 жылында – мемлекеттік қызметкер. Алғашқы еңбек жолымды 1994 жылы Ж.Шанин ауылында құрылысшы болып бастадым. 1995-1997 жылдары ҚР Қарулы күштерінде әскери борышымды атқардым. 1999-2000 жылдары «Баян-сервисі» МКМ-де құрылысшы болдым. 2000-2005 жылдары оқуымды аяқтағаннан кейін, 2002-2003 жылдары Баянауыл ауданындағы Балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінде есепші болдым. 2004-2007 жылдары «Баянауыл мемлекеттік ұлттық табиғи паркінде» туризм жөнінде нұсқаушы болып қызмет атқардым. 2007 жылы «Баянауыл ауданының құрылыс бөлімі» ММ-де бас маман болдым. 2007-2008 жылдары «Павлодар облыстық экология басқармасы» ММ-нің бас маманы, Баянауыл ауданы бойынша эколог болып қызмет атқардым. 2008-2011 жылдары Баянауыл ауданы бойынша салық басқармасында бас маман, бөлім басшысы болып жұмыс істедім. 2011-2014 жылдары «Павлодар облыстық экология департаменті» ММ-нің Екібастұз қаласы бойынша маман, Баянауыл ауданы бойынша бас маманы болып қызмет атқардым. 2014 жылы «Майкубен-Вест» ЖШС-де бөлім басшысы, эколог болдым. 2014-2017 жылдары «Баянауыл мемлекеттік ұлттық табиғи паркі» РМК Баянауыл орманшылығының мемлекеттік инспекторы, ғылым, экологиялық ағарту және туризм бөлімінде эколог, қаржы бөлімінде материалдық есепші болып істедім. 2017-2018 жылдары «Гамма Талдықөл» ЖШС-нің ДСК участігінде шебер болып жұмыс істедім. 2018 жылы Баянауыл ауданы «Халықты жұмыспен қамту орталығы» КММ-де есепші, 2018 жылдың қыркүйек айында осы мекемеде маман болып ауыстырылып, 2023 жылға дейін сол мекемеде қызмет еттім. 2023 жылдан бастап «Павлодар облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы Павлодар облысы бойынша еңбек мобильділігі орталығы» КММ Баянауыл ауданының «Мансап орталығында» кәсіпкерлік бастамаларды оқыту және қолдау бөлімінің маманы болып жұмыс істедім. 2025 жылдың 1 сәуірінен аталмыш мекемеде бөлім басшысы лауазымына ауыстырылдым. Бүгінгі күнге дейін осы мекемеде бөлім басшысы қызметін атқарып келемін.



САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМА:

Мен ең бірінші Қазақстан Республикасының Конституциясының талаптарына сәйкес жұмыс жүргізетін боламын. Мақсатым – бар білімім мен тәжірибемді қолдану арқылы ауыл тұрғындарының тұрмыс-тіршілігін, жол сапасының және де ауылдың әлеуметтік жағдайын жақсарту. Халықтың мұң-мұқтажын тыңдап, айтылған ұсыныс, ойларын, шешімін таппай жүрген мәселелерін билікке жеткізу арқылы ел игілігіне тиімді болатын шешімдерінің орындалуына ықпал ету. Әрине, сіздерден қолдау болған жағдайда ауылымыздың көркеюі жолындағы еңбегіміз бір болатыны анық. Егер сіздер, мені әкім ретінде таңдасаңыздар, ауылымды дамыту үшін:

- Ауыл мәдениетінің дамуына, абаттандыру мен көгалдандыру, санитарлық тазалық жұмыстарын тұрақты жүргізу;
- Күл-қоқыс орнын қалыпқа келтіру;
- Күркелі ауылдық округі бойынша тозығы жеткен электр тарату желілерін жақсарту;
- Төменгі пайызды несиелер арқылы шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту арқылы жұмыссыз адамдардың санын азайту;
- Күркелі ауылы орталық саябағын абаттандыру;
- Ауыл тұрғындарына әлеуметтік көмек көрсету жұмыстарын қадағалау;
- Ауыл шаруашылығы сапасын дамыту, шаруаларға қолайлы жағдай жасау.

Бұл менің Күркелі ауылдық округінің әкімі ретінде жұмысымда жоспарлайтын негізгі бағыттарым және міндеттерім.

«Әкім бол, халқыңа жақын бол» демекші, әкім – халық қызметшісі, елдің игілігіне қызмет етуші адам. Сондықтан әкім болу абырой мен мәртебе емес, халық алдындағы жауапкершілік, сенім мен парыз.

Құрметті жерлестерім!

Өз таңдауларыңызды жасауға шақырамын!

**Құрметпен, Асылхан Мукушев,
тел/WhatsApp: +7 777 081 3097**

Баянауыл ауданы, Күркелі ауылдық округі әкіміне өзін-өзі ұсынған кандидат ҚАНЫШ ДӘУРЕНҰЛЫ САҒАДАТ

ӨМІРБАЯН

Мен, Сағадат Қаныш Дәуренұлы, 1999 жылы 7 шілдеде Баянауыл ауданы, Жұмат Шанин ауылында дүниеге келдім. 2017 жылы З.Ақышев атындағы орта мектепті тәмамдағаннан кейін Астана қаласындағы С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университетіне оқуға түстім. 2021 жылы аталмыш жоғары оқу орнын «Азық-түлік өнімдерінің технологиясы» мамандығы бойынша аяқтадым.

2022 жылғы 15 ақпаннан бастап Баянауыл аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасына жетекші маман болып жұмысқа қабылдандым. Бүгінгі күні осы мекемеде бөлім басшысы қызметін атқарамын. Жалпы еңбек өтілім – 5 жыл.

Үйленгенмін, 1 балам бар.

САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ

Құрметті ауылдастар!

Күркелі ауылдық округі әкіміне өз кандидатымды ұсына отырып, бүгінгі кезеңде осындай зор сенім мен жауапкершіліктің үдесінен табылу кім-кімге де сын болатынын жақсы сеземін. Өйткені, әкім – халықтың үні мен пікірін жүзеге асыратын, халық сенімін арқалаған азамат. Ауылдық округ әкімі ретінде таңдасаңыздар, жастық жігерімді, қайрат-күшімді, білімімді, азды-көпті тәжірибемді, көрген-түйгенімді ауылымның көркейіп, бақуатты өркен жаюына жұмсаймын. Мен сайлаушылардың сеніміне иемденіп, ауыл әкімі лауазымына тағайындалсам, Жұмат Шанин ауылында мынадай өзекті мәселелердің оң шешімдерін табуға ықпал ететін боламын:

- Ауылшілік жолдарды жөндеп, қалыпты жағдайда ұстау жұмыстарын жүргізу;
- Жұмат Шанин және Шоманкөл ауылында су тартылмаған аулаларға су тарту жұмыстарын жүргізуге ықпал ету;
- Балалар ойын алаңы мен спорттық алаңдар орналастыру және қалпына келтіру;
- Балалар мен жастар арасында салауатты өмір салтын насихаттау;
- Ауылда ұлттық спорттың дамуына үлес қосу;
- Ауылдағы жұмыссыздықты жою-



ға табыс көзін арттыруға бағытталған істерді жоспарлау;

– Мемлекеттік мекемелердің, сауда дүкендерінің қолжетімділігін қамтамасыз ету;

– Ұялы байланыс пен интернет желісінің сапалы болуына ықпал жасау;

– Туризм, кәсіпкерлік, ауыл шаруашылығы бағыттарын дамыту;

– Мемлекеттен берілген игілікті бағдарламаларға түсіндірме жұмыстарын жүргізу, өз құқығын пайдаланудың заңды жолдарын көрсету (грант иелену, квота алу, жәрдемақы, демалыс);

– Өркениет жеткізген мәдени ізгіліктерді насихаттау.

Құрметті жерлестер!

Ауылымыздың күрделі мәселелерін тұрғындармен, жергілікті қоғамдастықпен, халық қалаулыларымен бірге келісе отырып, шешімі табылатынына сенімдімін. Жастар – қоғамның қозғаушы күші, елдің болашағы. Жаңашылдық пен инновация – жастарда! Үлкеннің ұлағатын, кішінің күш-қайратын біріктіріп игілікті іс атқарамын деген ойдамын.

XXI ғасыр – білім мен біліктің заманы. «Болам деген баланың, бетін қақпа, белін бу» демекші, туған ауылымның көркеюі мен үздіксіз дамуына қосар үлесіме жерлестерімнен қолдау күтемін!

**Құрметпен, Қаныш Дәуренұлы,
тел/WhatsApp +7 705 268 51 68**

ХАТ-ҚОРЖЫН ҚҰСТАР – БІЗДІҢ ДОСЫМЫЗ

Жақында Ж.Аймауытов атындағы мектептің 1-сынып оқушылары үшін «Құстар – біздің досымыз» атты ақпараттық сағат өткізілді.

Іс-шараның мақсаты – құстардың табиғаттағы және адам өміріндегі маңызын түсіндіру, оларды қорғауға деген жауапкершілік сезімін қалыптастыру және қоршаған ортаға қамқорлықпен қарауға шақыру. Ақпараттық сағат барысында оқушылар құстар туралы тақпақтар айтып, олардың пайдасы жайында

әңгімеледі. Сонымен қатар құстарға қамқорлық жасау, қыста жем беру, ұя жасау сияқты пайдалы істер туралы өз ойларымен бөлісті. Балалар табиғатты аялау әр адамның парызы екенін түсінді. Мұндай тәрбиелік мәні зор шаралар жас ұрпақтың табиғатқа деген сүйіспеншілігін арттырып, қоршаған ортаға жанашырлықпен қарауға тәрбиелейді.

**Назым Сайдығалиқызы,
Ж.Аймауытов атындағы мектептің ұстазы**

ТОРАЙҒЫРДА

ӨНЕР САҢЛАҒЫ – КӘУКЕН КЕНЖЕТАЕВ

Қазақ өнерінің майталманы өртіс, ақын, әсерлесіміз Кәукен Кенжетаевтың туғанына биыл – 110 жыл. Осыған орай Торайғыр ауылдық кітапханасында «Сөздің күші – жүректің үні» атты әдеби-сазды композиция өткізілді. «Жаңғыру жолындағы кітапхана: дәстүр мен инновация жобасы» аясында ұйымдастырылған іс-шара барысында «Кәукен Кенжетаев – өнер қайраткері» атты инсталляция кітап көрмесіне шолу жасалды. Айта кетерлігі, бізге осынау кітап көрмесін қажетті әдебиеттермен толықтырып, безендіруде аудандық кітапхананың әдістеме бөлімі көмектесіп, қажетті ақпараттармен қамтамасыз етті. Қазақ кино өнерінің көрнекті өкілі, театр мен кино саласында өшпес із қалдырған дара тұлға Кәукен Кенжетаев – Баянаула елінің мақтанышы.

Аталмыш кешті Торайғыр ауылының әкімі Мұхтар Молшин кіріспе сөз сөйлеп ашты.

– Бүгінгі өткізіліп отырған әдеби-сазды кештің себепкері – өнер тарланы, сөз өнерінің зергері Кәукен Кенжетаевтың ғұмырнамалық бейнебаяны, шығармашылық жолы. Руханиятымыздың баға жетпес құнды қазынасы ешқашан сарқылма-сын. Кәукен ағаның өмірі келешек ұрпақ үшін өнегелі ғұмыр, – деп, К.Кенжетаев жайлы аз-кем сыр шертті.

Әдеби-сазды кешімізді «Беу, жігіттер» тобының белді әншісі

Жандос Адамов шебер жүргізді. Мұнан соң Кәукен Кенжетаевқа арнау жазып, мөнерлеп оқыған Ғайбиран Бағланның сөз саптау мөнері жиналған қауымға жылы әсер қалдырды. Өз заманында Торайғыр ауылының өлкетанушысы, ардагер ұстаз Аманкелді Омаров Кәукен Кенжетаевқа арнаған жыр жолдарында:

*Ғасырдың он алтыншы жылында,
Сарыарқаның Баян сынды*

*нұрында,
Кәукен атты ұл туыпты қуантып
Ақбеттаудың солтүстік*

жақ ығында.

*«Айман бұлақ» – ата-баба мекені,
Еліме аян онда ұрпақ өскені.*

Шөкен-Кәукен бал дәуренін өткізіп

Содан ұшып, самғап биік кеткені,

– деген жүрек тебіренер сөзін арнаған. Экранда К.Кенжетаевтың тәлімін алған шәкірттерінің естелігі, жылы лебіздері көрермендерге ерекше әсер етті. Сондай-ақ Кәукен ағаның көзі тірісінде айтқан жан сыры, ақжарма сөзі жайлы экран арқылы шағын эпизод көрсетілді.

«Кәукен Кенжетаев – сахна сәні» – өмірі мен шығармашылығы жайлы кітапханашы Алмагүл Қожабергенова әсерлі әңгімелеп, айтып өтті. «Кәукен Кенжетаев өлеңдерінен әдеби марафон» айдары бойынша оқырмандар Ахмет Олжа, Мерхат Рашид, Айлана Рашид, Ұлжан Ғалымбекова, Ерасыл Ғабдулмәжит, Дария Самат мөнерлеп оқу сағатына қатысты.



Ш.Айманов атындағы ЖОББ мектеп-интернатының тарих пәнінің мұғалімі Ержан Рахымтаев «Қазақ кино өнеріндегі Кәукен Кенжетаев бейнесі» – кино саласындағы еңбек жолына шолу жасады. Мұнан соң Торайғыр ауылдық кітапханасының үйірме мүшелері «Қыз Жібек» фильмінің желісі бойынша шағын үзінді көрсете отырып, К.Кенжетаев сомдаған Базарбай образын бейнеледі. Базарбай рөлін Ыбырай Ғабдулмәлік, Төлегеннің анасының рөлін Бәтима Оразбекқызы, Төлегеннің рөлін Оразбек Аян, Қыз Жібек рөлін Аяулым Сағатова, Шегенің

рөлін Әлмұрат Смаиылов, інісі Сансызбайдың рөлін Мерхат Рашид сәтті ойнады.

Әдеби-сазды кеш соңында аудандық ОКЖ-нің әдіскері Гүлжамал Айтмағамбетова аталмыш шараға белсене қатысқан бір топ оқырмандарға Алғыс хаттар табыс ете отырып, алдағы уақытта да рухани асыл мұрамызды насихаттауда кітапхана ұжымына, оқушыларға сәттілік тіледі.

**Алмагүл Қожабергенова,
Торайғыр ауылдық
кітапханасының кітапханашысы**

САПАР

ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ – АДАМДЫҚ АЙНАСЫ

Таяуда Шапық Шөкин атындағы жалпы орта білім беру мектебінің тәлімгер-ұстазы Нәзігүл Бейсенбина «Жақсылық жасап жарысайық!» идеясын алғашқылардың бірі болып көтерген еді. Нәзігүл Төлеутайқызының игі бастамасын мектеп басшылығы, ұстаздар ұжымы бірауыздан қолдады. Мектеп директоры Шынар Мұрсалова бас болып осынау бастаманы қолдап, мектеп ұжымы ақылдаса отырып, Павлодар қаласындағы панасыз қалған қарттар үйіне, жетімдер үйіне азық-түліктер, түрлі ойыншықтар, спорттық құрал-жабдықтар сатып алды. Осы орайда мектеп ұжымына кәсіпкер Гүлнәр Тоқпаева, жекелеген ата-аналар Жанар Төлеубекова, Эльвира Маш-рапова сияқты жүрегі жомарт жандар демеушілік жасап, қаражат жағынан көмектесті.

Мектеп басшысы мен он ұстаз, он бес оқушы мектеп автобусымен облыс орталығына сапар шегіп, қарттар мен мүмкіндігі шектеулі адамдарға арналған жалпы үлгідегі арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету орталығына барып, көңілі қаяу қарияларға тәтті-дәмді тағамдарын апарып, шексіз қуанышқа бөледі. Оқушылар сахна төрінде әуелете өн шырқап, мың бұрала би билеп, өнерлерімен қарттарға рухани азық сыйлап, ақ батасын алды.

Қарттар үйінің басшысы Марина



Стрелковская қайырымды ұстаздарға алғысын білдірді. Сондай-ақ мектеп ұжымы облыстық балаларға арналған арнайы әлеуметтік қызметтер көрсететін өңірлік қолдау орталығына арнайы барып, балаларға түрлі ойыншықтар, спорт жабдықтарын сыйлады. Орталықтың басшысы Анар Таджикова көзіне



жас ала отырып, Баянауылдан келген қайырымды ұстаздарға шексіз ризашылығын білдірді. Қайырымдылық жасау – жанының құнары бар, санасының шырағы барларға тән асыл қасиет.

– Біз осынау сапарымыздан көтеріңкі көңіл-күймен оралдық. «Жақсылық жасап жарысайық!» идеясы мектеп

ұжымы тарапынан қызу қолдауға ие болғаны мен үшін зор қуаныш. Осы орайда мені бірден қолдаған Шынар Ілдебайқызына алғысымды білдіремін. Біз, панасыз қарттарға, жетім бүлдіршіндерге жасаған аз ғана қайырымдылық ісіміз арқылы шәкірттерімізді мейірімділікке, айналасындағы жандарға жақсылық жасауға асығатындай имандылыққа, адалдыққа, ізгілікке тәрбиелеуді мақсат еттік. Жаратылыс пайымында осындай адами қасиеттердің дәні молынан себілген жандар қоғамда көп болса екен деген тілегім бар, әрине. «Жақсылық жасап жарысайық!» бастамасын әрі қарай басқа да құзырлы орындар, білім беру ошақтары, әр-түрлі мекемелер қолдап, игі істер жалғасын таба берсін, – дейді тәлімгер-ұстаз Нәзігүл Төлеутайқызы.

**Бағзад Нұртайқызы,
жергілікті тілші**

«БІРЛІК» КЕҢШАРЫНЫҢ ҚҰРЫЛҒАНЫНА – 65 ЖЫЛ

«БІРЛІКТІҢ» ТҰҢҒЫШ ЕМІР ЖОНУШЫСЫ

«Бірлік» ауылының ардақты азаматы Алпыс Түгелбаев жайлы айту – басты парыз. Өн бойында адамды өзіне тартып тұратын қасиеті бар Алпыс Түгелбаевтың қарапайымдылығы, ашық-жарқын мінезі ауылдастарын тәнті ететін. Заман қанша өзгергенімен көненің көзіндей болып сырт-сипатын жоғалтпаған, мінезі жайдары ел ағасы Алпыс ағамен сұқбаттасудың өзі бір ганибет.

Алпыс Түгелбаевтың өмірбаянына қысқаша тоқталар болсақ, ол 1947 жылы Жаңа Дәуір колхозында дүниеге келді. Жастайынан жетімдіктің қамытын киген Алпыс аға апа-жездесі Шәкір мен Мәкештің қолдарында тәрбиеленді. Жездесі Шәкір Омарбеков Ұлы Отан соғысының ардагері, ұзақ жылдар бойы ауылда кассир болып, адал қызмет етті. Апайы Мәкеш Түгелбаева соғыс жылдары тылда еңбек еткен ардагер ұстаз. Алпыс аға 1963 жылы Бірлік орталау мектебінің 8 класын бітіріп бірден жұмысқа араласты. 1964 жылы «Бірлік» кеңшарына машина-трактор шеберханасына токарь, яғни, темір жонушының шәкірті болып жұмысқа қабылданды. 1968 жылдары Кеңес әскері қатарында Отан алдындағы әскери борышын өтеуге аттанды. Екі жылдан соң туған ауылына оралған Алпыс аға 1970 жылдан бастап №1 бөлімшеге шаруашылық жұмыстарына кірісті. Өз жұмысына деген жауапкершілік сезімі жоғары жігіт кеңшар басшылығының назарына ілігіп, машина-трактор жөндеу шеберханасына қайтадан токарьлық жұмысқа қабылданды.

1977-79 жылдары Алпыс аға Красноармейка ауыл шаруашылығы техникумында оқып, білімін жетілдіреді. Токарьлық жұмысымен қатар 1980-1994 жылдары аралығында Алпыс аға машина-трактор жөндеу шеберханасының (МТМ) меңгерушісі қызметін абыроймен атқарды. Қауырты еңбекке толы жылдарында Алпыс Түгелбаев майдангер ағалары, темір ұсталары Мұраш Оспанбеков пен Әлбосын Сейітқазин, бағашы Риза Мұбашев, электрик Әубекен Нұрымжанов, автоэлектрик Қанат Көшербаев, нормировшы Нина Зернова сияқты адамдармен табысты еңбек етті. Жылдың төрт мезгілінде МТМ-ның зәулім жері үлкенді-кішілі техникаларға толы болатын. Әсіресе, көктемгі егін егу науқанына техникаларды сапалы жөндеп, сақдай сай етіп қою – МТМ ұжымының басты міндеті. Кеңшар директорынан бастап, инженер-механиктердің бәрі жылдың төрт мезгілінде осы жерден табылады.

Айта кетерлігі, 1961 жылдары басталған тың және тыңайған жерлерді игеру науқанына көршілес республикалардан ағылған өзге ұлт өкілдерінің құрамы едәуір болатын. Сол жылдары алғашқы қадасы енді қағылған «Бірлік» кеңшарында тұрғын үйдің жоқтығына байланысты

ауыл тұрғындары өзге ұлт өкілдерін үйлеріне паналатып, қонақжайлылық көрсетті. Жастардың көбі палаткаларда, вагондарда тұрып жатты. Алпыс ағаның жездесі Шәкір Омарбеков Виктор Сүроходов есімді жігітті отбасымен үйіне паналатты. Виктор Сүроходов мамандығы тракторшы әрі құрылыс учаскесіндегі жұмыстарға да көмектесіп, МТЗ-5 тракторымен пилорама айналдырудың шебері болды. Яғни ағаштарды жұқалап кесіп үйдің едендерін, есік-терезелерін дайындаған. Ағаштарды пилорамамен кесудің өзіне ерекше ептілік, математикалық дәлдік қажет етіледі.

Алпыс Түгелбаевтың тағы бір есінде қалған оқиғасы 1962 жылдың жаз айында, қой қырку науқаны аяқталып қалған кезде екі күн, екі түн бойы толассыз жауған ақ жауыннан кеңшарда орасан зор қой шығыны болған. Қырқылған қойлар суық желмен бірге жауған жаңбырды көтере алмай қырылған. Жүздеген қозылар жетім қалды. Алпыс өзі қатарлы жазғы каникулда жүрген бес-алты баламен «Қарашоқы» деген қыстауда күннің аптап ыстығына қарамастан жетім қалған қозыларды бағып, күтті. Жаз бойы атқарған еңбегі еш кетпеді. Әлсіз қозылар бағым-күтімнің арқасында аман-есен жетіліп кетті.

Жылдар жылжып өтіп жатты. Туған ауылынан ешқайда кетуді ойламайтын Алпыс аға кеңшардың қысы-жазы бітпейтін науқандық жұмыстарының бел ортасында жүрді. Токарьлық жұмысында жоғары көрсеткіштерге жеткені үшін бірнеше рет мақтау марапаттарға ие болды. 1978 жылы КПСС қатарына өтті. Ол кезде-рі коммунист атану өте қиын да жауапты міндет болатын. КПСС мүшесі атына кір көлтірмеген Алпыс аға бірнеше мәрте аудандық, облыстық партия конференцияларына делегат болып қатысты. Алпыс аға бізбен сұқбат барысында ең алғаш шыққан «К-700» алып тракторларын тізгіндеген Болат Әйтімов, И.Зернов, С.Кузема, М.Смирнов, Қабжан Смайылов, Рыспай Смайылов, Ағзам Қожаханов, Тохмаси Ниефталиев, Иван Шатанов, жүргізуші Бағдат Шәкенов, тракторшылар Н.Васильев, Х.Қаратаев, ағайынды Ертай, Нұртай Әбденовтер, ағайынды Қали, Жұман Дүйсеновтер, Балташ Барлыбаев, тағы басқа механизаторлардың кеңшардың дамуына қосқан үлестері орасан зор екендігін тебірене отырып, сыр шертті.



1980 жылдары «Бірлік» кеңшарының директоры болып тағайындалған Алпысбес Әділханұлы бір топ мамандарды, оның ішінде Алпыс Түгелбаев бар, көршілес Успенка ауданына қарасты «Қазақстанның 30 жылдығы атындағы» колхозына тәжірибе алмасу үшін жіберді. Сол жылдары «Қазақстанның 30 жылдығы атындағы» колхоз облыс бойынша өте мықты, үздік шаруашылықтардың бірі болған. Тұрғындарының басым бөлігі неміс ұлтынан тұратын еңбеккерлер ұжымы ұйымшыл колхоз ретінде аң шаруашылығымен де айналысқан. Алпыс Түгелбаев колхоздың машина-трактор цехында болып, өзінің токарьлық мамандығы бойынша іс-тәжірибе алмасып қайтқан еді. Алпыс ағаның айтуынша, 1990 жылдары қыста қар қалып болған. Соның салдарынан көктемгі еріген қар суы жолдарды шайып кетті. Ауыл шетіндегі Егінді қыстағы тасқын судың астында қалып, тұрғындар орталыққа көшірілді. Ақмектеп бөлімшесінен салт атпен шыққан екі жігіт арқырап ағып жатқан өзеннен жүзіп, арғы жағаға өтпекші болған. Байты қыстауына баратын болған соң екі жігіт нар тәуекел деп ағынды суға қойып кеткен. Біреуі аман-есен арғы жағаға шыққанымен, екінші жігітті асау толқын атымен бірге ағыза жөнелген. Орталықтан көмекке келген екі отряд құрамында бір ЮМЗ-6, бір К-700 тракторлары өзен бойындағы сортаңға батып қалған. Екі техниканы шығаруға бірінен соң бірі жіберілген К-700 тракторлары, барлығы 8 К-700 тракторы сорға бөлшесінен батқан. Жер деген ми болып езіліп жатқан кезде көмекке келетін де техника болмады. Аудандық ауыл шаруашылығы бөлімінің бас инженері Қани Байжанов келіп, кеңшардың бас инженері Амантай Смағұлов пен Алпыс Түгелбаевтың сыбағасын берген ғой. Өкінішке қарай, жас жігіттің денесі су тартылғаннан кейін бірақ табылды. 1995 жылдары

КСРО тарап, елді жұмыссыздық жайлады. Кеңшар мал-мүлкі таратылды. Кооператив құрылды. Көптеген мекемелер жабылды. Осындай қиын кезеңде Алпыс аға екі қолға бір күрек деп, «Майкөбе» көмір кенішінде токарь болып еңбек жолын жалғастырды. 2010 жылы Алпыс аға зейнеткерлік еңбек демалысына шықты. Көмір кенішінде атқарған жұмыстары еленіп, 15 жыл уақыт аралығында 1, 2, 3 дәрежелі «Шахтер даңқы» медальдарымен марапатталды.

Алпыс Түгелбаевтың жалпы еңбек өтілі 64 жылдан астам уақытты құрайды. 15 жасынан бастап ауыл жұмысына араласқан бозбала кейін есейе келе кеңшардың үздік бесаспап маманына токарьға айналды. Өз кәсібінше шебері атанған азамат 1981 жылы «Ең үздік токарь» номинациясына ие болды. Алпыс Түгелбаевтың суреті Құрмет тақтасынан түспеді. Бірнеше мәрте социалистік жарыстардың жеңімпазы атанған Алпыс аға ақшалай, заттай сыйлықтарға ие болды. Алпыс аға жұбайы Қорлығайын Сәдуақасқызымен тату-тәтті ғұмыр кешіп, перзенттерін есіріп тәрбиеледі. Өкінішке қарай, Қорлығайын апай өмірден ерте кетті. Отбасының бар ауыртпалығын арқалаған Алпыс аға балаларына анасының жоқтығын білдірмей, тәлімді тәрбие бере білді. Адалдықты, адамгершілікті ту етіп көтерген еңбек майталманы Алпыс Түгелбаевтың жастарға айтары көп. Жақсы адамның көңілі қашанда алтын сандық екені хақ.

«Бірлік» кеңшарының құрылғанына 65 жыл толып отырған мерейлі жылы шаруашылықта адал еңбек еткен айтулы тұлғалар жайлы аз-кем сыр шерте отырып, ауыл тарихында есімі алтын өріппен жазылған Алпыс Түгелбаевтың тұңғыш токарь екендігін жастар білсе екен дейміз.

**Бағзат Нұртайқызы,
жергілікті тілші,
Бірлік ауылы**

ЖАҢАТІЛЕКТЕ

ШАТТЫҚ СЫЙЛАҒАН МЕРЕКЕ

Жаңатілек ауылдық мәдениет үйінде өткен Наурыз мерекесі халыққа ерекше көңіл-күй сыйлады. Әсіресе, құрамында Бақыт Ибраева, Сақыпжамал Темірғалиева, Қалимаш Елубаева, Рымкеш Сүлейменова, Шолпан Жәкенова, Күләйім Бекбергенова, музыкада сүйемелдеуші Бейсенбай Әлжанов бар «Әжелер» ансамблінің әуелете шырқаған әндері әсерлі болды. Жастар арасынан Ардақ Тәуекел,

Дана Мәлік, Зухра Зиянша, Тоғжан Ысқақова, Нарқыз Санақбай, Еркежан Кәукен, Ділназ Таймақова, Айша Бүркітбай, Дулат Қабыкеннің әндерін тыңдаған көпшілік қауым дән риза болды. 8-сынып оқушыларының мың бұрала билеген билері бір төбе. Ауыл тұрғындары ұлттық киімдерін киіп, наурыз көже татып, Жаңа жылды ерекше сезіммен қарсы алды.

Мұхамет-Қайыр Шәріпов



МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ

ӘДЕПТІЛІК ПЕН СЫБАЙЛАС
ЖЕМҚОРЛЫҚ

Мемлекеттік қызметшілердің әдеп стандарттары мен сыбайлас жемқорлыққа қарсы мінез-құлқын реттейтін негізгі құжаттар – Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңдары, сондай-ақ «Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің Әдеп кодексі» болып табылады. Аталған құжаттар мемлекеттік қызметшілердің мінез-құлқының негізгі қағидаттарын, олардың қоғам мен мемлекет алдындағы міндеттерін айқындайды, сондай-ақ сыбайлас жемқорлықтың алдын алу тетіктерін белгілейді.

Қызметтік әдептің негізгі қағидаттары

Мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдептілігі кәсіби мінез-құлқтың стандарттарын қалыптастыратын бірқатар негізгі қағидаттарға негізделеді:

1. Заңдылық және әділдік. Мемлекеттік қызметші Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңнамасын қатаң сақтауға, барлық азаматтарға тең және әділ қарым-қатынасты қамтамасыз етуге міндетті;

2. Қоғам мен мемлекет мүдделерінің басымдығы. Қызметтік міндеттерін орындау барысында мемлекеттік қызметші жеке пайда немесе үшінші тұлғалардың мүдделеріне емес, тек қоғамдық және мемлекеттік мүдделерге сүйенуі тиіс;

3. Кәсібилік және құзыреттілік. Мемлекеттік қызмет тұрақты түрде біліктілікті арттыруды, шешім қабылдаудағы объективтілікті және атқарылатын жұмысқа жауапкершілікпен қарауды талап етеді;

4. Азаматтармен қарым-қатынаста

ашықтық пен сыпайылық. Мемлекеттік қызметшілер халықпен өзара іс-қимыл кезінде құрмет, әдептілік және сыпайылық танытып, мемлекеттік қызметтердің қолжетімділігі мен ашықтығын қамтамасыз етуге тиіс.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мінез-құлқы – мемлекеттік қызметшінің міндеті

Мемлекеттік саясаттың маңызды бағыттарының бірі – сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметшілер:

1) қызметтік өкілеттіктерін жеке мақсатта пайдаланбауға;

2) мүдделер қақтығысының алдын алуға және оны реттеуге;

3) қызметтік міндеттерін орындауға байланысты сыйлықтар мен өзге де сыйақыларды қабылдамауға;

4) өздеріне белгілі болған сыбайлас жемқорлық, құқық бұзушылық фактілері туралы хабарлауға;

5) заңнамамен белгіленген шектеулер мен тыйымдарды сақтауға міндетті. Ерекше назар мүдделер қақтығысының алдын алуға аударылады. Бұл – мемлекеттік қызметшінің жеке мүдделері оның қызметтік міндеттерін объективті орындауына әсер етуі мүмкін жағдай. Мұндай жағдайда қызметші дереу өзінің басшылығын хабардар етіп, оны реттеу бойынша тиісті шаралар қабылдауы қажет.

Басшылар мен әдеп жөніндегі уәкілдердің рөлі

Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет жүйесінде мемлекеттік органдар басшылары мен әдеп жөніндегі уәкілдер институтына ерекше рөл жүктелген. Олардың негізгі міндеттері:

1) мемлекеттік қызметшілерге қыз-

меттік әдеп мәселелері бойынша кеңес беру;

2) әдеп нормаларының бұзылуының алдын алу;

3) азаматтар мен қызметшілердің әдеп мәселелері бойынша өтініштерін қарау;

4) адалдық мәдениетін қалыптастыру және сыбайлас жемқорлыққа мүлдем төзбеушілік қағидатын нығайту.

Әдеп нормаларын бұзғаны үшін жауапкершілік

Қызметтік әдеп нормаларын және сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы бұзу құқық бұзушылықтың сипатына қарай тәртіптік, әкімшілік немесе қылмыстық жауапкершілікке әкеп соғады. Бұл ретте алдын алудың маңызды элементі тек жазалау ғана емес, мемлекеттік қызметте адалдық пен парасаттылық мәдениетін қалыптастыру болып табылады.

Қоғам сенімі – басты нәтиже

Қызметтік әдеп нормалары мен сыбайлас жемқорлыққа қарсы мінез-құлқы қағидаттарын сақтау – заңнаманың формальды талабы ғана емес, азаматтардың мемлекеттік институттарға деген сенімін нығайтудың маңызды шарты. Әрбір мемлекеттік қызметші адал кәсіби және ашық әрекет ете отырып, тиімді, әділ және есеп беретін мемлекеттік қалыптастыруға өз үлесін қосады. Адалдық, ашықтық және жауапкершілік мәдениетін қалыптастыру Қазақстан Республикасының мемлекеттік саясатының негізгі басымдықтарының бірі болып қала береді және елдің тұрақты дамуының маңызды факторы саналады.

Б.Саликова,

Баянауыл аудандық мәслихаты аппаратының басшысы,
әдеп жөніндегі уәкілі

БІЛІМ

1-СЫНЫПҚА ҚАБЫЛДАУ
27 МАМЫРДАН БАСТАЛАДЫ

Жыл сайын Қазақстанда 1-сыныпқа баратын оқушылардың құжаттары 1 сәуірден бастап қабылданатын еді. Оқу-ағарту министрі Жұлдыз Сүлейменова бұл тәртіпке өзгеріс енгізіп, құжат қабылдау мерзімін ауыстырды. Министрдің айтуынша, биылдан бастап 1-сынып оқушыларының құжаттары 27 мамырдан 31 тамызға дейін қабылданады.

Биылдан бастап 1-сыныпқа құжат қабылдау процесін сапалы әрі тиімді ұйымдастыру үшін мерзімді қайта қарастырдық. Бұған дейін құжаттар 1 сәуірден бастап қабылданатын. Дәл осы кезеңде мектептерде оқу процесі жүріп жатады. Мектеп басшылығы, мұғалімдер және IT мамандар оқу процесімен қарбаласып жатқан кезде құжат қабылдауды тиімді ұйымдастыру қиын болатын. Осындай келеңсіздіктердің алдын алу үшін мерзімін өзгерттік. Енді 1-сыныпқа құжат қабылдау 27 мамырда басталып, 31 тамызға дейін жалғасады. Ата-аналар үшін бұл мерзім қолайлы деп санаймыз, – деді Жұлдыз Сүлейменова.

Министр сондай-ақ бірінші сыныпқа құжат тапсыруға арналған барлық жүйе бірнеше рет тексеруден өткенін, болашақта оны тағы да таныстыратынын мәлім етті.

Әзірлеген: А.АЙТУҒАН

ОБЪЯВЛЕНИЕ

Нотариус нотариального округа Павлодарской области Оразбаев А.Ж., лицензия № 24020441 от 06.06.2024 года, сообщает об открытии наследства, оставшегося после смерти Рамазанова Кайруллы Зейнуллаевича, умершего 25.08.1961 года. Тел. нотариуса: 87713132882

Нотариус нотариального округа Павлодарской области Оразбаев А.Ж., лицензия № 24020441 от 06.06.2024 года, сообщает об открытии наследства, оставшегося после смерти Куанбаева Марата Альжановича, умершего 14.01.2026 года. Тел. нотариуса: 87713132882.

Нотариус нотариального округа Павлодарской области Оразбаев А.Ж., лицензия № 24020441 от 06.06.2024 года, сообщает об открытии наследства, оставшегося после смерти Самиева Самиджона Нұмонджоновича, умершего 21.01.2026 года. Тел. нотариуса: 87713132882.

Нотариус нотариального округа Павлодарской области Оразбаев А.Ж., лицензия № 24020441 от 06.06.2024 года, сообщает об открытии наследства, оставшегося после смерти Ибраева Бейбита Жармагамбетовича, умершего 16.11.2025 года. Тел. нотариуса: 87713132882

МЕРЕКЕ

АРМЫСЫҢ, ӘЗ-НАУРЫЗ!

Табиғаты көркем киелі өлкеде Ұлыстың ұлы күні – Әз-Наурыз мерекесі ерекше сән-салтанатпен, кең ауқымда атап өтілді. Аудан әкімі Ардақ Ксеитаев барша аудан жұртышылығын айтулы мерекемен құттықтады. Аудан басшысы өз сөзінде Наурыз мейрамының бірлік пен татулықтың, ырыс пен берекенің символы екенін атап өтіп, әр шаңыраққа бақ-береке тіледі.

Аудандық орталық алаңда тігілген әрбір киіз үй қазақ халқының бай тарихы мен мәдениетінен сыр шертті. Баянауылдың біртуар тұлғаларының есімімен аталған киіз үйлердегі салт-дәстүр көріністер халықтың ерекше ықыласына бөленді, Зекебай Солтанбайұлы атындағы үйде «Ерулік», Кәукен Кенжетәев ауылында «Бесікке салу», Ханиса Қанышқызы атындағы үйде «Тұсау кесер», Жарылғапберді Жұмабайұлы атындағы үйде

«Той дастарқан», Әбікей Сәтбаев атындағы үйде «Құдалық», Зейтін Ақышев атындағы үйде «Қыз ұзату», Бісмілле Балабеков атындағы үйде «Келін түсіру», Әміре Айтбакин атындағы үйде «Сырға салу», Қошқе Кемеңгерұлы атындағы үйде «Қырқынан шығару» рәсімдері паш етілді. Сонымен қатар, орталық алаңда ауданның шығармашылық ұжымдары және өнерпаздарының қатысуымен концерт, театрландырылған мерекелік көріністер ұйымдастырылды және ұлттық спортты серік еткен білектер де сынға түсті. Масрестлингтен Нұртас Абсадиев, қол күрестен Ернағат Нұғманов, гир көтеруден Дидар Сарбасов сынды азаматтар жеңімпаз атанып, арнайы сертификаттармен марапатталды.

Мереке аясында аудан ажарын кіргізген кәсіпкерлік нысандары да назардан тыс қалмады. Дүкендер арасында өткен безендіру сайысының нәтижесінде үздік шыққан «Нұрбол» және «Әлия» дүкендері ерекшеленіп, оларға аудан әкімдігі атынан 20 000 теңгелік ақшалай сертификаттар табыс етілді. Сондай-ақ салтанатты жиынның қорытындысы бойынша ұлттық дәстүрді дәріптеуге атсалысқан барлық киіз үй тіккен мекемелерге 25 000 теңгелік сертификаттар табыс етілді.

М.ҚАЙРАТ

